

**Тақырыбы:
«Әкем шешем және мен»
спорттық сайыс**

Жүргізуші:

Бүгінгі спорттық сайыс 3кезеңнен тұрады.

Жүргізуші: Сайысқа арнайы 3отбасы қатысады.

Ал, енді кезеңін
бастайық!

Әр отбасы өздерінің командаларын таныстырып өтеді.

Жүргізуші: Ал, енді ойынымыздың негізгі бөлігіне көшейік .

«Шынықсаң, шымыр боласың» тақырыбында әр түрлі дене жаттығулары.

Жүргізуші: 1 тур Скакалкамен секіру

Шарты: Анасы сакалмен тездетіп секіріп келу.

Жүргізуші: 2 тур «Допты аяққа қасып жүгіру»

Әкесі допты кедергілер арасымен аяғымен жүргізе отырып межеге қойып кетеді, ал баласы тіке жүгіріп барып, межедегі допты кедергілер арасымен қолымен жүгірте отырып алып келеді. Анасы скакалкамен кедергілер арасымен жүгіре отырып, межеге скакалканы қалдырып, тіке жүгіріп қайтып келеді.

Жүргізуші: 3 тур Шеңбермен жүгіру.

Әкесі тіке жүгіріп барып межедегі шеңберді алады да беліне ұстап жүгіріп келіп, тобындағы баласын шеңбер ішіне салып екеуі межені айналып орындарына келеді, енді шеңберден әкесі шығады да, анасымен бірге баласы дәл осы тәртіппен жүгіреді

Жүргізуші: 4 тур кеглидің арасынан өту.

Қатысушы допты шеңбер ішіне салып, кедергілер арасымен жүгіре отырып, межені айналып келесі ойыншыға табыстайды.
де, допты келесі ойыншыға табыстайды. Осылайша ойын жалғасады.

Жүргізуші:

Осымен бүгінгі «Әкем, анам және мен» тақырыбындағы отбасылық сайысымыз аяқталды.

Қорытынды: Командаларға ойын нәтижелері бойынша, орындар, соған сәйкес дипломдармен марапатталуы тиіс.

Тақырыбы: «Әкем шешем және мен» отбасылық сайысы

Мақсаты: Балалар мен ата-аналарға адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екенін түсіндіру. Балалар және ата-аналарды сұлу да сымбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, оларға спортпен айналысуын қажет екендігінің маңызын түсіндіру. Салауаттану - адам жанының да, тәнінің де тазаруы, денсаулығының жақсаруы, сондықтан салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: 1.Доп,кегли,шеңбер,скакалка,

Жүргізуші: Құрметті ұстаздар, ата-аналар және балалар қауымы! Тәлімді тәрбие отбасынан бастау алса, дені сау ұрпақ – ұлт болашағы болмақ.

«Шынықсаң шымыр боласың

Сауығып айдай толасың.

Спортты серік ете біл,

Жақсы азамат боласың.

Жеңімпаз болу оңай ма,

Арман болған талайға?

Болмасаң да ұқсап бак,

Жарысқа түсіп қалайда».Бүгінгі «Әкем, анам және мен»

спорттық отбасылық сайысқа қош келдіңіздер!

Жүргізуші: «Әкем, анам және мен» отбасылық сайысы –

отбасыларды спортқа баулиды. Ата-ана мен баланың арасындағы бірлік пен татулық қасиеттерін нығайта түседі! Бұл жарыс - отбасылардың қатысуымен өтетін тәрбиелік маңызы зор ойын-сауықты бағдарлама.

Осындай бағдарлама бүгінде біздің балалар қауымы мен сүйікті де белсенді ата-аналарының арасында өткізілгелі отыр.Әр отбасы жеке топты құрайды.

Әр топ жеңіс мәресіне жету үшін бірнеше кезеңнен тұратын кедергілерге төтеп беруі тиіс.

Жүргізуші:

Спорт – денсаулық кепілі десек, «Әке, шеше және мен» отбасылық сайысы отбасылық тәрбие мен салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылып отыр. Біріншіден, дені сау ұлттың қалыптасуына атсалысады, екіншіден бағдарламаға қатысқан әр отбасыға рухани және мәдени мереке сыйлайды.

Жүргізуші:

Біздің жетістіктерімізді бағалайтын әділқазылар алқасымен таныстыруға рұқсат етіңіздер!

